

## Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 499 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 шілдеде № 14037 болып тіркелді

*Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !*

*Бұйрық 01.01.2017 ж. бастап қолданысқа енгізіледі*

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өзгеріс енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә. А. Асаубаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Инвестициялар және даму министрі* *Ә. Исекешев*

2016 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және  
даму Министрінің  
2016 жылғы 16 маусымдағы  
№ 499 бұйрығына  
қосымша

### **Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өзгеріс енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. «Теміржол вокзалдарының класын айқындау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 31 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10300 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теміржол вокзалдарының класын айқындау әдістемесінде:

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Теміржол вокзалдарының класын айқындау әдістемесі (бұдан әрі – әдістеме) «Теміржол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 34-21) тармақшасына сәйкес әзірленген.»;

2. «Магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 366 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11257 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Осы бұйрықпен бекітілген Магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидаларында:

14-тармақтағы 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) элеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыруымен байланысты шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау бойынша жолаушы тасымалдаушылардың уәкілетті органмен жасаған шарттарына

сәйкес резервтелген магистральдық теміржол желісі өткізу қабілетінің үлестері көрсетіледі.» ;

19-тармақтағы 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдары жөніндегі қызметті жүзеге асырған жағдайда, әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі ашық тендердің қорытындылары туралы хаттамадан үзінді көшірме немесе әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыруына байланысты шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау бойынша уәкілетті органмен жасасқан шарттың көшірмесі;»;

21-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушы тасымалын жүзеге асыруына байланысты жолаушы тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау бойынша уәкілетті органмен шарттар жасасқан соң, бірақ жоспарланып отырған тасымалдың алдындағы жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей өтінімдер береді.»;

3. «Жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуды ұйымдастыру кезінде жолаушылар тасымалын басқарудың автоматтандырылған жүйесіне қол жеткізу және технологиялық өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 503 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12350 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 желтоқсанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуды ұйымдастыру кезінде жолаушылар тасымалын басқарудың автоматтандырылған жүйесіне қол жеткізу және технологиялық өзара іс-қимыл жасау қағидаларында:

11-тармақтың 3) тармақшасының бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3) тасымалдаушылардан сұрау салулар алған кезде Ұлттық теміржол компаниясы Б А Ж - ғ а :

қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде қырық тоғыз тәулік (қала маңындағы поездарға он үш тәулік) бұрын, бірақ әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруымен байланысты шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау бойынша шарттың қолданылу мерзімінен кешіктірмей жол жүру құнының өзгергені; төсек-орын жабдығы мен өзге де сервистік қызметтер құнының теңгеде және швейцария франкінде енгізілгені немесе өзгергені; фирмалық плацкартты, қосылған құн салығының ставкасын, жолаушылар және қала маңындағы поездарға белгіленген мемлекетішілік және халықаралық қатынастардағы тарифтік индекстеу коэффициентін есептеуге арналған индекстеу коэффициентін есепке ала отырып мемлекетаралық жолаушылар тарифінің (бұдан әрі – МАЖТ) базалық тарифін индекстеудің жоғарылату

(төмендету) коэффициенттері туралы ақпараттың, билеттерді сату басталатын күні мен поездың жөнелтілу күні, өзгерістердің қолданылу кезеңінің басталуы мен аяқталуы көрсете отырып, енгізілуін;

поездін жөнелтілу күніне дейін кем дегенде қырық тоғыз тәулік бұрын, бірақ әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруымен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау бойынша шарттың қолданылу мерзімінен кешіктірмей, жолаушылар поездарына «фирмалық» санатын беру (жою) және жолаушылар поездарына белгіленген МАЖТ базалық тарифін индекстеудің жоғарылату (төмендету) коэффициенттерін есепке ала отырып, фирмалық плацкортты есептеуге арналған индекстеу коэффициентінің мөлшері туралы ақпараттың билеттерді сату басталған күні мен поездың жөнелтілу күні, өзгерістердің қолданылу кезеңінің басталуы мен аяқталуы көрсетіліп енгізілуін;

қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде он бес тәулік бұрын халықаралық және республикаішілік қатынастардағы МАЖТ базалық тарифінің тарифтік индекстеу коэффициенттерінің өзгерістеріне арналған ақпараттың енгізілуін қамтамасыз етеді және теміржол әкімшіліктеріне жүргізілген өзгерістер туралы жеделхаттарды; қосылған құн салығының ставкасын және комиссиялық алымдардың көлемін, артық жүктердің құнын, багаж бен жүкбагаждың ең жоғары салмағын, пошта-багаж, жолаушылар, жүк-жолаушылар және жүрдек поездардың бос жүрген жолының ставкаларын ұлттық валютада және швейцария франкінде жібереді;

жұмыс түрі бойынша БАЖ орындарды қайтаруды жол жүру құжаттарын ресімдеу авариялық технология бойынша орындалып, БАЖ-дағы орындар туралы ақпаратты поездардағы орындардың нақты жағдайына сәйкес келтіру қажет болған жағдайда, сондай-ақ қолдан сату технологиясы бойынша сатылмай қалған орындарды қайтару үшін жүзеге асырылады;».